

ҰЛТТЫ ҰЙЫСТАРЫНЫҢ ҰФЫМ

*"Төл тарихын білетін,
бағалайтын және мақтан
етемін халықтың болашағы
зор болады деп сенемін.
Өткенін мақтан тұтып, бүгінін
нақты бағалай білу және
болашаққа оң көзқарас таныту
– еліміздің табысты болуының
кепілі дегеніміз осы".*

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті.**

**Мурат
ЖУНІСҰЛЫ**

Елбасының "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы көпшілікке терең ой салғаны белгілі. Жас үрпактың төл тарихын танып білуі – ел болашағы үшін айрықша маңызды.

"Ел боламын десең бесігінді түзе" демекші, өткеннен сабақ алғып, өркениетті өмір үшін алға қадам басу – баршаның биік мақсаты болса керек.

Тарих қойнауына талмай жеткен танып-білуімізге тиис асыл құндылықтар Арқалық қаласындағы облыстық "Дала өлкесі тарихы" музейінде де көтеп сакталған. "Елбасы мақаласында айтылған ұлттық құндылықтарымызды қөздің қарашығындей коргауымыз кажет. Бұл макала дер кезінде жазылып отыр.

Музейімізде елдік мұdde мен максатка тірек болатын тарихи қоныш жаһігерлеріміз жетерлік. Бүгінле-



үлкен ер, жігіт өр, әйел ер, бала ер т.б. болып бөлінсе, жасаган материалына байланысты: қайың ер, қарағай ер, құрама ер, темір ер т.б түрі бар. Ал, ерді әшекейлеп безендіруіне қарай: алтын ер, күміс ер, оюлы ер, құранды ер деп аталса, кескін-келбеті, яғни қосымша байланысты: қапталды ер, жайпақ ер, биік ер, сауырлы ер, қоқан ер, орыс ер т.б. атаулары бар. Осы ердің қанқасына: тоқым, желдік, тебінгі, айыл, құйысқан, өмілдірік, қанжыға, үзенгі, таралғы нәмесе үзенгі бау, жүген, шылбыр, тізгінді қосып толық түрде ат әбзелдері деп атайды.

Ат әбзелдерін дайындау – шеберлікті талап ететін жұмыс. Ертеде аталарапымыз ат үстінде ер жастаңып, толарсактан саз кешіп жүріп, байтак даласын корғаған. "Тұлпар ерді сактайды, ер жерді сактайды" деген ма-

салады. Өмілдіріктің аттың қеудесінің алдына келетін ортасына былғарыдан қайыспен астарлап дөңгелек жасалып, шашқаталған баулар салып, күмістелген бүркеншіктер, нақышталған өрнектермен әшекейленіп, дөңгелек ортасына ақық тастар орнатылады. Өре – аттың алдыңғы және артқы-аяғына салатын тұсау. Өрсін қылдан, қайыстан еріп, түйіп жасайды, аттың аяғына салатын жерлеріне киізден астар салады. Атты өрелегендеге өренін бір шетін аттың оң аяғына, ал екінші шетін айқастырып аттың артқы сол аяғына салады. Таға – жылқының тосырқамауы немесе мұздан таймауы үшін түяғына қағылады. Тағына сом тәмірден ііп, қақтап, шеге өтетін тесікпен сай салып жасайды. Бедерлі өкшелік шығарады. Тағаны ат түяғына басы сайга кіріп тұратында арнағы шегемен қағады. Тебінің – ер-баба, шіркеуінде

ғылыми қызметкерлеріміз солардың барлығын жарықта шыгарып, ел арасында көпінен насиҳаттау мақсатында түрлі көрмелер үйімдестірып, арнаіы мақалалар да жазуда" – дейді музей басшысы.

Асхат ХАСЕНОВ,

облыстық "Дала олкесі тарихы"

музейінің директоры:

– Макалада көрсетілген халқымыздың бір фана "Атка мінү мәдениетінің" өзінде зер саларлық қанша ма пайым, толғамдар жатыр десенізші. Халқымыз "Ат – ер қанаты" деп дәріптеп, қасиетті Қамбар ата тұлігін тұрмыс-тіршілігіне көпінен пайдаланған. Ұстап-тұтынуға қолайлы болу үшін құрал-жабдықтар қолданған. Солардың бірі – ат әбзелдері.

Ат әбзелдері – жылдың мініс пен шаруашылыққа пайдалануда қолданылатын құрал-жабдық түрлері. Ат әбзелдеріне ер тоқым, өмілдірік, құйысқан, үзенгі, айып, пыстан, жүген, нокта, копшік, шылбыр, қамшы және т.б. жатады. Сондай-ақ, аттың айылы – ердің қаңқасына тағылатын, көбіне қайыстан жасалған ат арқасына ерді берік бекітетін жабдықтар айыл-тұрман тобын құрайды.

Айыл-тұрман жасалу ерекшелігіне қарай қайыстан жасалған өрмелі, берік матадан жасалған ызыбалы сияқты түрлерге бөлінеді. Ат әбзелдерінің түрлерінің сан алуандығы ертедегі қазактардың әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық жағдайымен тікелей байланысты. Ауқатты байлар, ел басқарған хандар, сұлтандар мен билер ат әбзелдердің түрлі асыл тастар мен бағалы металдармен әшкейлеп жасаған қымбат түрлерін қолданады.

Ер-тұрман – атқа мінү үшін қолданылатын жабдық. Оның түрі көп. Тұрмыста қолдану мүмкіндігіне қарай:



қал бекерге айттылаған. Ең маңызды ат әбзелдерінің бірі – өмілдірік.

Өмілдірік дегеніміз – ер артқа қарай сырғып кетпеу үшін, аттың омырауына орай тағылған құрал. Өмілдірік – төсбау және айылбас салпыншактардан тұрады. Төсбаудың міндегі – омырауды өмілдірік аттың бауыздауына қарай сырғып кетпеу үшін, бір үшін төс айылға байланып тұрады. Өмілдірікті жұмсақ қайыстан, сәндеп жасайды. Жасалу үлгісі мен пошымына қарай – өрмелі, шытыралы, түймелі, үзбелі, құмістелген т.б. өмілдірік түрлері бар. Ер жылжып кетпес үшін аттың кеудесіне кигізіледі. Оны қазақ шеберлері қатты құрым теріден немесе қалың былғарыдан жасап, қайып тіккен, құйма әшекей заттармен безендірген. Кейбір өмілдіріктердің тері негізінің астына киіз, шұға салынады. Дәстүрлі қазақ қоғамында өмілдірік секілді ат әбзелдері ер адамдарға арналып жасалғанда құміс қақталған темір құймалармен көркемделсе, әйелдің ат әбзелдеріне әшекей молынан салынып, бүркеншіктермен құмістелген, алтындалған, кейде шашақталған бау тағылып, асыл тастар орнатылған. Өмілдірікпен катар өзге де ер-тұрман әбзелдері оюы мен әшекейі біркелкі болып, өзара үйлесіп тұруы үшін барлығын бір шебер жасаған.

Бұған дәлел ретінде мұражай қорындағы Сақ дәүірінен қалған құнды жәдігерлердің бірі – ат әбзелінің бір бөлшегі құміс өмілдірікті (фалар) атауға болады. Фалар – дөңгелек пішінді, жиегі арыстанның бедерлі суреті бейнеленген лавр жапырағымен жиектелген. Шығынқы болігі алтынның буына ұсталған. Ортасында оң жақ қырымен екі аяғын алға созып, секіріп бара жатқан арыстан бейнеленген. Артқы санының ширік-қан бұлшық еттері шырша төрізді сыйықпен бөлінген.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының Ш. Үәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының 1984 жылы 30 қарашадағы қорытындысы бойынша эллинистикалық әсердің анық іздерін ала отырып, фалар сақ дәүірі б.э. I-III гг. жасалған деп болжамдайды, ең дұрысы греко-бактриялық екендігін көрсетеді.

Өмілдірік – ердің артқа кетпесін қамтамасыз етеді, сонымен бірге сәндік үшін де тағылатындықтан, оны қалың былғарыдан жасап, әшкейлейді. Өмірлік былғарыдан, қайыспен астарланип қайып тігіліп, өріп жа-

тұрманнның құрамына жататын әбзелдердің бірі. Тебінгі бір жағынан әсемдік үшін тағылса, екіншіден, тоқым қыска болған жағдайда аяқ киімді аттың терінен корғайды, ал тоқым үзын болған жағдайда оны жылдам тозудан сақтайды. Қазіргі кезде тебінгіні жеке жасамайды, тек киіз тоқымдарға жapsырылып тігіледі. Халық арасында мүндай тебінгіні тоқымның тебінгісі деп те атайды. Тепкіншек – жас баланы атқа мінгізгендеге қолданылатын өртөкүм әбзелдерінің бір түрі. Қазақ халқында 5-6 жастағы баланы алғаш атқа мінгізгендеге аяғы үзенгігे жетпейтін болғандықтан, оған арнаіы тігіліп, ою-өрнекпен әсемделген тебінгі-тепкіншек қолданылады. Тепкіншекті түрлі-түсті жұн жіппен термелеп тоқылған өрнекті басқұрдан немесе шұғадан т.б. қалың матадан астарлап қоржын сияқты етіп тігеді де, бетін кестелейді. Оны ердің үстіне салады, екі басына бала екі аяғын салып отырады. Тоқым – ердің ат арқасына батпауы үшін салынатын төсөніштің бірі. Ол көбіне киізден сиралып жасалады. Кейде киіз тоқымның жиегін шұға не барқыт сияқты маталармен көмкөріп, сиртын түгелдей қалың былғарымен қаптайды. Сырма тоқым мен көмкөрілген тоқымдарды қөбінесс әйелдер жасайтын да, ал былғары тоқымдарды шебер ершілөр фана жасайды. Тоқымның қолемі де, пішілу үлгісі де әртүрлі болады. Әйелдерге арналған көн тоқымдар үлкен, әшекейі көп, ал еркектердің тоқымдары шагын болады.

Қазақ халқы ат әбзелдерін тұрмыстық, сәндік, жауынгерлік мақсатқа орай әртүрлі пайдаланған. Тұрмыстық мақсатқа: құнделікті шаруага қажет ат әбзелдері жатады. Оны сәндемейді және ұсақ түлік тайттайыншаның терісін пайдаланады. Сәндік мақсат үшін жасалған әбзелдер жатарына – ұзатылған қызың ат әбзелі, ас-тойға немесе салтанатты жиынға баратын елбасшыларының ат әбзелдері және әүлеттік-отбасылық мұра үшін ариайы сәндеп жасатқан құралдар жатады. Ал, жауынгерлік әбзелдің ерекшелігі – өте берік болады, нағыз атап өгіздін терісінен жасалады. Оны сәндеп жатпайды, бірақ қөшпеніділер шайқас кезінде ат әбзелдеріне ритуалдық таңбаларын жapsырады.

Өміршең мақаланы қаладагы білімнің кара шаңырағы саналатын Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының үстаздары да қуаттап, білім беру үрдісінде қолдануда.

**Ербол ЕРБАТЫРУЛЫ,
"Қазақстан тарихы, құқық және
экономика" кафедрасының аға
оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі:**



— Тарих – біздің істеріміздің өткенінің күесі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, болашағымыздың асыл қазынасы. Әрбір үлт үшін өткен тарихы ешбір теңеуге келмес қазына, байлығы іспетті.

Елбасы мақаласының еліміздің өркениеті, мәдениеті, тарихы жөніндегі ой устанымдары халықта, әсіресе өске-

лен үрпаққа арналған. Мемлекет басшысы атап өткендей, қазақтың кай қырына барсан да, қасиетті жерлер көптеп кездеседі. Мәселен, шығыста – Берел қорғаны, орталықта – қазақ пен қалмак соғысқан Анырақай, бағыста – Алтын орда хандары тұрған Сарайшық, онгустикте – Түркістан сыңды қасиетті жерлер бар.

Мақаланың басты мақсаты да жеріміздің қаншалықты киелі, қасиетті, тарихқа бай екенін 'түсінуге бағытталған. Жас үрпақтың бойында жеріне, еліне деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімнің, намысшылдық пен еңбеккорлықтың болуы шарт. "Тарихын білмейтін үлттың болашағы бұлынғы" демекші, өз елінің тарихын білу – әрбір азаматтың бойынан табылуы тиіс қасиеттер.

Елбасымыздың бұл мақаласы алдыңғы "Рухани жаңғыру" бағдарламасының жалғасы іспетті. Яғни, ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұраныска ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік беру.

Өткенін мақтан тутып, бүгіннің нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту елімізді тек қана биік белестерге жетелейді.

Арқалық қаласы.

**Баубек АЙМАХАНҰЛЫ,
"Қазақстан тарихы, құқық және
экономика" кафедрасының аға
оқытушысы:**

— Елбасының "Ұлы даланың жеті қыры" атты мақаласы дүйім жүртты өзінің, өзектілігімен баурап алғандай. Ақиқатында Елбасы өз мақаласында көлтіргендей біз қазақ аз теперіш көрмеген халықтардың біріміз. Тарих сахнасынан сырғып түсіп қалып жатқан қашшама үлт пен ұлыс, әлемді өзінің қаһарымен тітіреткен атышулы халықтар болды. Тарих сахнасына бірі келіп, бірі кетіп жатты. Бұл да өмірдің өз заны, даму диалектикасы төрізді.

Қазақ халқы да өз даму тарихында небір қылыш өткелді, аласапыран уақытты басынан өткерді. Қазақ халықының тарихы мен мәдениеті, дәстүрі мен ғұрпы бір күнде жасалған жоқ. Ол рухани құндылықтарын жасап, оны дамытуда басқа өркениеттің жетістігін тұтастай алып, кейбір үлттар мен ұлыстар сыңды таза қолданысқа алған жоқ, алған өркениеттің жетістігін жетілдірді, дамытты, оны басқа елдерге жылдам тарауына себепші болды.

Біздің тарихымызда қасіретті сөттер мен қайғылы оқигалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сыйактар мен саяси күгін-сүргіндер аз болмады. Халқымыз сұрапыл соғыстарда, жойқын ашаршылықтарда құрып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Біз мұны ұмытқанымыз жоқ. Мұны ұмытуға хакымыз да жоқ.

Елбасымыз айтқандай, қазақтың біз үялатындағы тарихы жоқ. Біз көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай біліп, соңғы кездерде шыққан нақты гылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиисіз.

